

Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды толтыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 21 қарашадағы № 565 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 3 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5025 болып енгізілді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 01.06.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды толтыруға қойылатын талаптар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 01.06.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С.М. Өмірбаев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

М и н и с т р д і ң
атқарушы

м і н д е т і н

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің м.а.
2007 жылғы 21 қарашадағы
№ 565 бұйрығымен бекітілген

Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды толтыруға қойылатын талаптар

Ескерту. Талаптар жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 01.06.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды толтыруға қойылатын талаптар "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және білім туралы құжаттарды: негізгі және жалпы орта білім туралы аттестатты, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы дипломды, кәсіптік даярлау туралы куәлікті, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломды, резидентураны және интернатураны бітіргені туралы куәлікті заңнамалық тәртіппен бекітілген білім туралы құжаттардың түрлеріне сәйкес толтыруға қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Куәліктерді, аттестаттарды, дипломдарды және қосымшаларды толтыруды оқу орны баспа құрылғыларының көмегімен жүргізеді.

3. Негізгі және жалпы орта білім туралы аттестат, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім туралы диплом, куәліктер (бұдан әрі – бланкілер) және қосымшалар мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдар мен қосымшалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде толтырылады.

4. Бланкінің оң жақ беті бланкіні басқа елге әкеткен жағдайда оны заңдастыруға байланысты тиісті органның апостилі мен белгісін қою орны ретінде Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2001 жылғы 4 маусымдағы № 67 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1536 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустарынан шығатын ресми құжаттарға апостильді қою тәртібі мен шарттары туралы бірыңғай қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Бланкіні толтырғаннан кейін оған енгізілген жазудың нақты және қатесіздігіне мұқият тексеру жүргізіледі. Қатемен жазылған құжат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 519 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10079 болып тіркелген) Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді ұйымдастыру, оларды сақтау, есепке алу мен беру және олармен негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қағидаларына сәйкес бүлінген болып саналады және жоюға жатады.

2-тарау. Негізгі және жалпы орта білім туралы аттестаттарды және оларға қосымшаларды толтыруға қойылатын талаптар

6. Аттестаттар бланкілері мынадай үлгіде толтырылады:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) толық барыс септігінде көрсетіледі;
- 2) білім беру ұйымын бітірген жылы (төрт таңбалы санмен) көрсетіледі;
- 3) "білім беру ұйымының толық атауы" деген жолда оқу орнының ресми атауы көрсетіледі;
- 4) аттестаттар бланкілеріне білім беру ұйымының директоры, директордың орынбасары және сынып жетекшісі қол қояды. Мөрге арналып қалдырылған орынға білім беру ұйымының мөрі қойылады;
- 5) бланкінің төменгі бөлігінде білім беру ұйымы орналасқан елді мекен, бланкіні беру мерзімі: күні (санмен), айы (жазбаша) және жылы (төрт таңбалы санмен), берілетін бланкілерді тіркеу кітабы бойынша бланкінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7. Аттестатқа қосымша мынадай үлгіде толтырылады:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық атау септігінде көрсетіледі;
- 2) "білім беру ұйымының толық атауы" деген жолда оқу орнының ресми атауы көрсетіледі;
- 3) пәндер бойынша бағалар санмен, ал жақшада жазбаша қойылады;
- 4) денсаулық жағдайына байланысты дене тәрбиесі және көркем еңбек пәндерінен босатылған 9, 11 (12) сыныптардың білім алушыларына "босатылған" деп жазылады;
- 5) "ана тілі", "әдебиет" деген бағандарды ұлттық тілде оқытатын мектептер (қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептерден басқа) толтырылады;
- 6) "Музыка" деген жол 6-сыныптағы жылдық баға бойынша, "көркем еңбек" деген жол 9-сыныптағы жылдық баға бойынша толтырылады;
- 7) "Қолданбалы курстар" немесе "таңдауы бойынша курстар" деген сөздерден кейін оқу жоспарына сәйкес курстардың атаулары жазылады. Сынақ жүйесі енгізілген пәндер бойынша – "есептелді";
- 8) аттестаттар қосымшаларына білім беру ұйымының директоры, директордың орынбасары және сынып жетекшісі қол қояды. Мөрге арналып қалдырылған орынға білім беру ұйымының мөрі қойылады.

3-тарау. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы дипломдарды және оларға қосымшаларды, кәсіптік даярлау туралы куәліктерді толтыруға қойылатын талаптар

8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім (бұдан әрі – ТКОББ) туралы дипломдардың бланкілері мынадай үлгіде толтырылады:

- 1) "Техникалық және кәсіптік білім туралы диплом ТКБ" № ____ " немесе "Орта білімнен кейінгі білім туралы диплом ОБКБ" № ____ " деген сөздерден кейін жеті саннан

тұратын диплом нөмірі көрсетіледі (Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын нөмірлеуге ұқсас);

2) "Осы диплом" деген сөздерден кейін оқуды аяқтаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) барыс септігінде көсетіліп, "берілді." деген сөзбен аяқталады;

3) оқу мерзімі көрсетіледі, содан кейін оқу орнының толық атауы барыс септігінде көрсетіледі;

4) "кәсіптің, мамандықтың атауы" деген сөздердің алдында мамандықтың коды және атауы көрсетіледі;

5) "Оқыту нысаны" деген сөздерден кейін оқуды аяқтаған адамның "күндізгі", "сырттай", "кешкі" оқуды аяқтаған оқыту нысаны жазумен көрсетіледі;

6) "Қорытынды аттестаттау комиссиясының "_____ " жылғы "___" _____ шешімімен оған" деген сөздерден кейін біліктіліктің (біліктіліктер) берілген уақыты, кейін коды (-тары) және берілетін біліктілік (біліктіліктер) атауы көрсетіледі;

7) ТЖКОБ диплом бланктері басшының және басшының оқу ісі жөніндегі орынбасарымен тегі, аты-жөнінің бірінші әріптерінің көрсетілуімен қол қойылады. Мөрге бөлінген орынға оқу орнының мөрі қойылады.

9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы дипломға қосымша (бұдан әрі – қосымша) қазақ және орыс тілдерінде мынадай үлгіде толтырылады:

1) "Техникалық және кәсіптік білім туралы диплом ТКБ" №___ " немесе "Орта білімнен кейінгі білім туралы диплом ОБКБ" №___ " деген сөздерден кейін диплом нөмірі көрсетіледі;

2) оқуды аяқтаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық атау септігінде көрсетіледі;

3) оқу мерзімі көрсетіледі, содан кейін оқу орнының толық атауы көрсетіледі;

4) "мамандықтың атауы" сөздерінен кейін мамандықтың коды және атауы көрсетіледі, содан кейін коды (-тары) және берілетін біліктілік (-тер) атауы көрсетіледі;

5) пәндер және (немесе) модульдер атауы, сағаттар саны және (немесе) кредиттер жұмыс оқу жоспарына сәйкес толтырылады. Қорытынды баға балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша (% , әріптік, балдық) және (немесе) цифрлық бес балдық бағалау жүйесі бойынша қойылады;

6) қосымшалар басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары және оқу тобының жетекшісінің тегі, аты-жөнінің бірінші әріптерінің көрсетілуімен қол қойылады;

7) Мөрге бөлінген орынға оқу орнының мөрі қойылады.

10. Кәсіптік даярлау туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік) мынадай үлгіде толтырылады:

1) "Кәсіптік даярлау туралы куәлік" КБ №___ " сөздерінен кейін жеті саннан тұратын куәлік нөмірі көрсетіледі (Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы нөмірленуіне ұқсастық бойынша);

2) "Осы куәлік _____ берілді" сөздерінен кейін оқуды аяқтаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі;

3) оқу мерзімі көрсетіледі, содан кейін оқу орнының толық атауы көрсетіледі;

4) "бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдерді меңгеру қорытындысы бойынша мынадай білімін көрсетті:" сөздерінің алдында біліктілік атауы көрсетіледі.

5) оқылған пәндердің атауы көрсетіледі және бағалары қойылады. Бағалау санмен қойылады және жақша ішінде жазумен өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық көрсетіледі. Пәндердің атауында, бағалауда грамматикалық ережелерге сәйкес қысқартулар болуы мүмкін.

6) "Біліктілік комиссиясының ___ жылғы " ____ " _____ шешімімен оған _____ біліктілігі берілді" сөздерінен кейін біліктілік атауы көрсетіледі;

7) куәлік басшының және басшының орынбасарымен тегі, аты-жөнінің бірінші әріптерінің көрсетілуімен қол қойылады. Мөрге бөлінген орынға оқу орнының мөрі қойылады.

4-тарау. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдарды және оларға қосымшаны, резидентураны және интернатураны бітіргені туралы куәліктерді толтыруға қойылатын талаптар

11. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом және дипломға қосымша, резидентураны және интернатураны бітіргені туралы куәлік мынадай түрде толтырылады:

1) Мемлекеттік аттестаттау және (немесе) Аттестаттау комиссиясының шешімімен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) толық атауы, күні, жылы және хаттаманың № _____ (болған жағдайда) көрсетіледі;

2) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) толық атау септігінде көрсетіледі.

Шетелдік азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) орыс тілді транскрипциядағы ұлттық төлқұжатының деректері бойынша жазылады. Транскрипция оқу орнын аяқтаған адаммен келісілуі тиіс;

3) "Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)" деген жолдан кейін _____ " дәрежесі, біліктілігі немесе бағыты (ғылыми-педагогикалық немесе бейінді) көрсетіледі;

4) "Оқыту нысаны" деген сөздерден кейін (ол болған кезде) – оқыту нысаны көрсетіледі;

5) дипломға және куәлікке Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының және/немесе Аттестаттау комиссиясының төрағасы, ЖЖОКБҰ басшысы және хатшы қол қояды. Мөрге арналып бөлінген орынға ЖЖОКБҰ-ның мөрі қойылады. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы және/немесе Аттестаттау комиссиясы төрағасының, ЖЖОКБҰ басшысының және хатшының тегі көрсетілмейді.

Диплом немесе куәлік бланкісінің төменгі бөлігінде бланкінің сериясы, бланкінің берілген күні: күні (санмен), айы (жазумен) және жылы (төрт таңбалы санмен), берілетін бланкілерді тіркеу кітабы бойынша бланкінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

12. Дипломға қосымша (транскрипт) мынадай түрде толтырылады:

1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) атау септігінде толық көрсетіледі;

2) Туған күні (санмен), айы (жазумен) және жылы (төрт таңбалы санмен) көрсетіле отырып жазылады;

3) "Білім туралы алдыңғы құжат" деген сөздерден кейін осы адамның ЖЖОКБҰ-ға қабылдануына негіз болған білім туралы құжаттың атауы, құжаттың нөмірі және оның берілген күні көрсетіледі. Егер алдыңғы білім туралы құжат шетелде алынған жағдайда, оның қазақ немесе орыс тіліндегі аудармадағы атауы, сондай-ақ құжат берілген елдің атауы көрсетіледі;

4) "Түсу сынақтары" деген сөздерден кейін адам ЖЖОКБҰ-ға түсу үшін түсу сынақтарынан өткен жағдайда "өтті" немесе заңнамалық және нормативтік құжаттарға сәйкес ЖЖОКБҰ-ның түсу сынақтарынан өтуден босатылған жағдайда "көзделмеген" деген сөздер жазылады;

5) "Түсті" және "Бітірді" деген сөздердің алдында төрт таңбалы сандармен оқуға түскен жылы және тиісінше оқу аяқталған жылы, сондай-ақ оқуға түскен және оқуды аяқтаған кездегі ЖЖОКБҰ-ның толық атауы көрсетіледі;

6) "Игерілген академиялық кредиттердің жалпы саны – ECTS (иситиэс)" деген сөздерден кейін оқудың барлық кезеңінде игерілген академиялық кредиттердің жалпы саны көрсетіледі;

7) "Оқытудың орташа өлшемді бағасы (GPA)" деген сөздерден кейін оқудың барлық кезеңі үшін GPA көрсетіледі;

8) "Кәсіптік практика" деген сөздерден кейін практикадан өту түрі, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен ECTS (иситиэс) академиялық кредиттерінде олардың көлемі көрсетіле отырып, балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағалар көрсетіледі;

9) "Қорытынды аттестаттау" деген сөздерден кейін мемлекеттік емтихандар пәндерінің атауы, академиялық кредиттердің саны, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен ECTS (иситиэс) академиялық кредиттерінде олардың көлемі көрсетіле отырып, балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағалар көрсетіледі;

10) "Орындау және қорғау" деген сөздерден кейін дипломдық жобаның (жұмыстың) немесе диссертацияның атауы көрсетіледі;

11) "Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестік деңгейі" деген сөздерден кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде №17565 болып тіркелген) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес тиісті біліктілік деңгейінің цифры көрсетіледі;

12) "Теориялық оқыту" деген сөздерден кейін білім алушы игерген пәндердің кодтары мен атаулары, академиялық кредиттердің саны, сондай-ақ белгіленген заңнамаға сәйкес ECTS (иситиэс) академиялық кредиттеріндегі көлемін көрсете отырып, бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағалар көрсетіледі;

13) "Теориялық оқыту ECTS (иситиэс) академиялық кредиттерінің саны" деген сөздерден кейін игерілген академиялық және теориялық оқытулардың жалпы саны көрсетіледі;

14) "Мемлекеттік аттестаттау және (немесе) Аттестаттау комиссиясының шешімі" деген сөздерден кейін хаттаманың нөмірі мен күні: күні (санмен), айы (жазумен) және жылы (төрт таңбалы санмен), сондай-ақ дәрежесі, біліктілігі немесе бағыты, мамандығы және (немесе) білім беру бағдарламасы көрсетіледі;

15) дипломға қосымшаның оң жағында ЖЖОКБҰ-ның толық атауы, сондай-ақ ЖЖОКБҰ-ның елді мекені көрсетіледі;

16) дипломға қосымшаның (транскрипт) оң жағында диплом бланкісінің №____, берілген күні: күні (санмен), айы (жазумен) және жылы (төрт таңбалы санмен), тіркеу нөмірі көрсетіледі;

17) дипломға қосымшаның (транскрипт) оң жағына ЖЖОКБҰ басшысының және хатшының қолы қойылады. Мөрге арналып бөлінген орынға ЖЖОКБҰ-ның мөрі қойылады.